

2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы әкімдігінің 2023 жылғы 26 желтоқсандағы № 227 қаулысы. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 597 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16137 тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, 1-тармағы 2023 жылғы 1 қыркүйегінен бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қызылорда облысының әкімі

Н. Нәлібаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы "26" желтоқсандағы
№ 227 қаулысына 1-қосымша

2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Елді мекен	Тәрбиеленушілер саны *	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері және айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)				
		Жарты күн болатын топта, жалпы білім беретін мектептегі	9 сағаттық		түзету үлгісіндегі 10,5 сағаттық	туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, қ а н т диабетімен ауыратын, әлжуаз және

		мектепалды даярлық сыныбында	болу режимі бар топта	10,5 сағаттық болу режимі бар топта	болу режимі бар топта	жиі ауыратын балаларға арналған 10,5 сағаттық болу режимі бар топта
ауыл	29900	27686	65832	72099	110826	134608
қала	27617	24949	60359	65942	100564	121780

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2023 жылғы "26" желтоқсандағы
№ 227 қаулысына 2-қосымша

2023 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Елді мекен атауы	Тәрбиеленушілер саны *	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жасқа дейін (теңге)	Бір айға ата-ана төлемақысының мөлшері 3 жастан бастап (теңге)
Қызылорда	26233	-	-
қала	23914	13500	14500
ауыл	2319	13500	14500
Арал ауданы	4502	-	-
қала	2413	7000	8000
ауыл	2089	6000	7000
Қазалы ауданы	3677	-	-
қала	252	9900	11000
ауыл	3425	12500	13000
Қармақшы ауданы	4200	-	-
қала	1038	10000	10000
ауыл	3162	6000	7000
Жалағаш ауданы	3268	-	-
ауыл	3268	6000	7000
Сырдария ауданы	2185	-	-
ауыл	2185	6500	7500
Шиелі ауданы	7064	-	-
ауыл	7064	6000	8000
Жаңақорған ауданы	6388	-	-
ауыл	6388	6000	8000

Ескерту: * - жыл көлемінде тәрбиеленушілер саны өзгереді.